

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсан N 1856

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңда белгіленген тәртіппен:

"Асыл" акционерлік компаниясының атын қайта атауға байланысты жарғысына өзгеріс енгізу жөнінде оның акционерлерінің жиналысын өткізсін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісім бойынша "Асыл" акционерлік компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды және сенімді басқаруға беруді жүргізсін.

2. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры "Асыл"

акционерлік қоғамы арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға қаржы көмегін жүзеге асырсын.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қыркүйектегі N 836

Р 9 3 0 8 3 6 _

қаулысы;

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 793

Р 9 6 0 7 9 3 _

қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК